

АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.



Магжан

№ 40 (473)
6 қазан, 2022 жыл

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



ЖАҢА АВТОБУС ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Жыл санап облыс орталығындағы халық саны артуда. Мұндай өзгеріс тұтынушылық бағытта тың жоспар түзіп, тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру бағытындағы жаңа бастамаларға көзек берді десек, артық емес. Әсіресе, әлеуметтік желіде қызу талқыға түскен қоғамдық көлік жайы күрделі шешімді талап етуде. Осыған орай жуырда «Қызылорда Автобус паркінің» қосымша көлікпен толығын көпті толғандырған мәселені шешімі болатындай.

Аталған бастамаға облыс әкімінің өзі қолдау білдіріп, мекеме төңіріміне 150 автобус сатып алуға қаржы бөлінген еді. Алдағы уақытта қалған 135 дана үлкен сыйымдылықтағы автобус жеткізіліп, қалалық бағыттарға қосылатын болады.

Айта кетейік, «Қызылорда Автобус паркі» ЖШС-нің лизингке 150 автобус алу шаралары «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы жүргізілуде. Қоғамдық көліктерді алдыру үшін алғашқы 20 пайыз жарнасын телеу мақсатында облыстық және қалалық бюджеттен тиісті қаражат қарастырылған. Жаңадан алынған автобустар қалаішілік қоғамдық көліктердің 14 бағытын қамтиды. Бұл өз кезегінде қоғамдық көлік қызметінің сапасын арттыруға айтарлықтай септігін тигізгелі отыр. Жолаушылар тасымалдауға арналған сыйымдылығы жоғары автобустар биыл толық алынады деп жоспарлануда.

– Аталған автобустар Қарағанды қаласынан жинап құрастырылған. Автобустардың барлығының ішінде салқындатқыш бар және олар заманауи жабдықтармен қамтылған. Көліктердің барлығы лизинг арқылы «Қазтехно» мекемесінен несиеге алынды. Автобустар толық әкелінгеннен кейін бұрын көлік тапшылығынан алынып тасталған кейбір бағыттар қайта жанданады. Қоғамдық көлікті сағаттап күтіп, келгенде өрең сиятын тұрғындардың мәселесі осылайша шешімін таппақ, – дейді «Қызылорда Автобус паркі» директорының орынбасары Мақсат Жүсіп.

Міне, көптен күрмеуі шешімші келе жатқан олқылықтың орны толды. Жаңа көлік, тұрақты кесте, тұрғындар қоғамдық көлікке мұңан артық талап қоймасы анық. Тек автобустардың сапасын қадағалап, жүйелі тексеріс жүргізілсе болғаны.

Расында, қаланың бас жоспарына сәйкес, жаңа мөлтек аудандар бой көтеріп, тұрғындардың қатары артауы шындық. Мәселен, Сырдария өзенінің сол жағалауынан жаңа тұрғын аудан бой көтерсе, «Бәйтерек» мөлтек ауданынан «Бала мекен» елді мекені салынды. Мұнда көпбалалы отбасыларға баспана табыстатылып, қоныстануға жағдай жасалғанын білеміз. Сондықтан бастама шаһар аумағындағы жолаушылар тасымалының маршруттық сыйымдылығын біршама өзгеріс енгізген болатын. Тұрғындар да көліктердің жеткіліксіздігі мен жүру жиілігіне қатысты сын айтып, бірнеше мәрте шағым жасаған.

– Бүгінге дейін «Сол жағалау» мөлтек ауданы тұрғындары атынан қоғамдық көлік мәселесін билік назарына ұсындық. Көлік аздығын айтап, олардың араға жарты сағат салып қатынайтынын ашына жеткізген едік. Ал енді «Қызылорда Автобус паркінің» жаңа автобуспен толығын қуана қабылдадық. Бұрынғы көліктерге қарағанда шағын өрі жылдам жүреді. Бұрынғы автобустар арасы ұзақ болатын. Аялдамада көп күтіп қаламыз. Қазір жағдай бөлек. Әрбір 3-4 минут сайын көлік қатынап тұр. Жыл соңына дейін тағы 129 автобус қосылса, өзге аумақтағы тұрғындар да бұл мәселеден құтылар еді, – дейді қала тұрғыны Жеңісұл Ақпанбаева.

Бүгінде жыл басынан бері жоспарланған автобустардың алғашқы легі Сыр өліне жетті. Жаңадан алынған 15 көлік №18 бағытқа қосылып, қаладағы қоғамдық көлік мәселесін реттеуге жол ашқан.

– Ғылымға деген қызығушылығыңыз қалай басталды? Алғаш рет өзіңіз түбегейлі зерттеген тақырып қандай?

– Ғылым саласына қызығушылығым студент кезімде басталған. Студенттерге арналған ғылыми конференцияға қатысып, «Шөп тайлағыштардың кинематикалық көрсеткіштерін арттыру» тақырыбында баяндама жасап I орын алғанмын. 2010 жылы магистратураға, 2012 жылы докторантураға түсіп, университетіміздің профессор-оқытушыларының жетекшілігімен түрлі тақырыптарда ғылыми

– Бүгінде ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру жолын қарастырудасыз. Бұл мақсатқа қолданылатын агротехникалық шаралар қандай?

– Ең негізгі тұқым себу мерзімі саналады. Дақылдың биологиялық ерекшеліктеріне байланысты және өсіру аймағының ауа-райы жағдайына қарай тұқым себу мерзімі әртүрлі болып келеді. Біз зерттеу жүргізіп Қызылорда облысының орта ауыл шаруашылық аймағында жоңышқа және ерте астық дақылдар наурыз айының екінші онкүндігінде егіледі. Екінші топ астық дақылдары жүгері,



АФРИКА ТАРЫСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Нүрәли Шайымов – өлімізде алғаш рет африкалық тары өгүді қолға алған ғалым. Оның бұл жобасы аймақтағы мал шаруашылығының маңызды мәселесін шешуге бағытталған. Аталған бастаманың азық-түлік қымбатшылығын азайтуда да үлесі зор.

жобалар жазып жүрдік. Докторлық диссертация бойынша Арал өңірінің күріш ауыспалы егістерін әртарапандыру мақсатында африкалық тарыны өсіру жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Бұл менің түбегейлі зерттеген тақырыбым болды. Қазіргі жайылымдық жерлердің деградацияға ұшырауы отарлы мал шаруашылығын дамытуға кедергі келтіріп отыр. Нәтижесінде мал шаруашылығы елді мекендер маңына топтастырылып, мал азығы бойынша мәселелер туындауда. Аталған жағдай мал шаруашылығы өнімдерінің шамадан тыс қымбаттауына әкелуде. Сол себепті тұрақты мал көшендерінде сүт өндірісіне бағытталған фермаларды және бордақылау алаңдарын арзан мал азығымен қамтамасыз ету қажет. Ол үшін егіншілік жем-шөп өндірісін қалпына келтіру маңызды. Бұл мәселенің шешімі – бидай, күріш секілді дәстүрлі дақылдар көлемін азайтып, орнына малазықтық дақылдар егу. Аса күтімді қажет етпейтін дәстүрлі емес дақылдарды орналастыру да көп пайдасын береді. Осы

күріш, тары мамыр айында, ал жылу сүйгіш бақша дақылдары мамыр айының екінші жартысында егіледі. Бұл – өсімдіктің қотын талабы. Африкалық тары өсімдігі жылу сүйгіш дақыл болғандықтан, оны зерттеушілер жылтырылған топыраққа себуі ұсынады. Біздің зерттеулерімізде мамыр айының үшінші онкүндігінде, 20 мамыр және 30 мамыр күндері егіп бастадық, яғни кеш көктемгі егіс. Ерте астық дақылдар (арпа, бидай, сұлы) жиналған соң шілде айының екінші жартысында африкалық тарының жазғы егісі де зерттелді.

Барлық дақыл секілді африкалық тары да өзінің өніп-өсу дәуірінде даму сатысының бірнеше кезеңінен өтеді. Өр кезеңнің тұсында африкалық тары өсімдігі қоршаған ортаның факторларына өзгеше талап қояды. Бұл әсіресе, дақылдың тұқым себу мерзімі әртүрлі болғанда жақсы байқалады. Өрине, тұқым себу мерзімі бойынша топырақ температурасы мен ылғалдылығында айырмашылық болған соң өсімдіктің барлық көрсеткіштерінен де өзгешелік байқауға болады.

– Қолға алған жобаларыңыздың қатарында Арал өңірінде африкалық тарының экологиялық түрде сынау тақырыбы да бар. Бұл бастаманың ғылыми жаңалығы қандай болды?

«Қазақстандық Арал өңірінде шетелдік селекцияның африкалық тарысының перспективалы сорт үлгілерін экологиялық сынау» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысына жетекшілік жасап, республикалық «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру конкурсының негізінде 49 млн теңгеден астам қаржыны құрайтын грант ұтып алдық.

БАҒДАРШАМ БАҒЫТ СІЛТЕЙ МЕ?



Шаһарда күн өткен сайын қозғалыс көбеюде. Халық санымен бірге теміржол пардында қатары келе жатқан қаламыз үшін жол – қарбаласқа толы жайтқа айналған. Соңғы кездері облыс орталығында көпшіліктің үйден жұмысқа, жұмыстан үйге асығатын сәтінде көптеу пайда болғанын байқап жүрміз. Мұны тұрғындар жөніс қойылған жол белгілері мен бағдаршамдардың өсерінен дейді.

Қала тұрғындарының пайымдауына, көлік көптелісінің негізі себебі автокөліктің көбеюінен бұрын қарыс қадам сайын қойылған бағдаршамдар және заңсыз қойылған жасанды, тегіс емес қондырғының салдарынан екен. Мұны адвокат Мейірбек Даубалаев та растап отыр.

– Жол белгілеріне байланысты заңсыздық орын алуда. Мысалы, «Antikor» мекемесі алдындағы, яғни, Желтоқсан көшесі бойында заңсыз қойылған жасанды тегіс емес қондырғы орнатылды. Мұндай қондырғы заңдылығына сәйкес балабақша мен мектеп ғимараттарында орнатылуы тиіс. Ереже бойынша Желтоқсан №156 А мекен-жайы мұндай тосқауыл қоюға арналмаған. Соның салдарынан Желтоқсан мен Мұратбаев қиылысындағы бағдаршамнан



**ЖАСТАР
ЖАҢАЛЫҚҚА
ҚҰШТАР**

келген көліктер көптеліс тудыруда, – дейді ол. Мейірбектің мәселесіне қатысты қалалық полиция басқармасы ресми жауап қатты. Құзыры органның құзиретіне кіретін тосқауыл бекер қойылмапты.



**ӘЛЕМЖЕЛІНІҢ
ӘЛЕП**

мақсатта дәстүрлі емес дақыл ретінде африкалық тары дақылын ұсынғанбыз.

4-бет

3 бетте

3 бетте

3 бетте

Жеті айдан астам уақыттан бері Украинаға шабуыл жасап жатқан Ресей президенті Владимир Путин қыркүйек айының соңына қарай «ішінара мобилизация» жүргізілетінін мәлімдеді. Нәтижесінде соғысқа қатысудан бас тартып, бас амандығын ойлаған ресейліктер туған жерінен жаппай ағылып көше бастады. Шекарадан асып, Қазақстанға қарай өтіп жатқандар қатары тіптен көп.

Әлеуметтік желіде шекарадағы шақырымдық кезекте тұрған көліктердің суреті мен бейнежазбалары пайда болды. Осы орайда қоғам белсенділері қазақтардың үрейін тудырған бұл өзгерістің оң-терісін анықтап, реттеу керекін жарыса айтты, тіпті биліктегілерден шекараны жабуды талап етті. Көшіп келген ресейліктер туралы «елінің мүддесі үшін күрескіз келмейтін сатқын, қорқақтар өзге елдің шаңырағын биіктете қоймас» деген пікірлер кеңінен таряды. Ал сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың: «Аз ғана ресейлік көліп тұрға рұқсат сұрай алады. Егер орыстар бізге келсе, тіпті, одан кейін қайсыбір шаруамен осында біраз уақытқа қалғысы келсе, мұнда ешқандай мәселе туындамауы керек. Біз оларды шектей алмаймыз. Ал тұрға рұқсат беру, бермеуді реттейтін тиісті заң бар», – деген пікірі көпшіліктің ашуын шақырып, әлеуметтік желіде қызу талқыға түсті. Тарих пен уақыттың таразысына салып өлшеген ел зиялылары мен қарапайым тұрғындар ресейліктердің ағылып келуімен болашақта ел

егемендігіне қауіп төне ме деп қорыққан еді. Қорықпай ше? Ресейліктер үшін Қазақстан өмір сүруге, жұмыс істеуге ең қолайлы мемлекет болатынына күмән жоқ. Себебі қазақ тілі мен орыс тілі қатар, тіпті, көп жағдайда екінің біріне басымдық берілетін қоғамда білім алу, жұмысқа орналасу, ортаға бейімделу көп қиындық тудырмайды.

Ресейліктердің жаппай көшіп келуімен Алматы, Астана қалаларындағы жалға берушілер бұрынғы пәтер жалдаушыларды бір күнде-ақ шығарып тастап, «жана тұрғындарға» жоғары бағамен беруі жалдамалы пәтер нарығындағы баға мәселесін мемлекет тарапынан қолға алу керекін түсіндірді. Бұл да жұрттың ашуын тудырды. «Ашынғаннан шығады ашты даусым» демекші көпшілік халықтың өзі халықты қанап жатқанын айтып, ашкөздіктің алысқа апармайтынын талқыға салды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша соғыс кезінде 6 мыңға жуық бейбіт адам қаза болған. Қаза тапқан жаяуыңгер санына байланысты әртүрлі дерек бар. Украина қарулы күштерінің айтуы бойынша, олар 9 мыңдай сарбазынан айрылған. Ресей қорғаныс министрі Сергей Шойгу мобилизация жариялаған күні берген сұхбатында 5937 әскери қызметкер қаза тапқанын сөз етті. Ұлыбритания қорғаныс

министрлігінің есептеуі бойынша, Ресей бұл соғыста 25 мыңдай сарбазынан айрылған көрінеді. Ішінара мобилизация жарияланғаннан кейінгі екі апта ішінде Қазақстанға 200 мыңнан астам ресейлік келген. Бұл туралы Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов мәлімдеді. Оның

келуі қазақстандық еңбек нарығына айтарлықтай әсер етпейді-

МОБИЛИЗАЦИЯ МАШАҚАТЫ: 447 ҚАЗАҚ - 3 ОРЫС



айтуынша, қазіргі ахуал бақылауға алынған. «Мобилизация жарияланған алғашқы кезде шекара маңында көлік кептелісі болды, қазір біртіндеп бәрі бұрынғы қалпына оралып жатыр. Мәселен, бір күн ішінде елімізге 7 мыңнан астам Ресей азаматы кірсе, 11 мыңға жуығы кетіп қалды. Әрі оларға ешқандай шектеу болған емес, болмайды да. Барлығы елдер арасындағы құқықтық келісім аясында жүзеге асырылады», – деді министр.

Өзге ұлттан енгендерге ешқандай шектеу жоқ екенін білдік. Ал олардың ел экономикасына әсері бар ма? Қаншалықты өзгеріс күтіп тұр? Бұл сұрақтың жауабын ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенованың мәлімдемесінен аламыз. Оның айтуынша, ресейліктердің

Қазақстанға келген 262 мыңға жуық адамның 6 518-і жұмыс бойынша келген екен. Экономикамызға әсері осындай. Болжам көп. Жалпы елдегі «жана тұрғындардың» жайы жаман емес. Ал мобилизацияның машақатын көріп отырған ресейдегі қазақтардың хәлі қалай? Бұл туралы «Abai.kz» ақпараттық порталында Алма Сайлауқызы: «Гай Александров атты елдімекенде орыстар мен қазақтардың үлесі теңдей екен. 50:50 деуге негіз бар. Мобилизация басталғанда, екі жақтан да теңдей адам алынады деген логикалары «сынып» қалыпты. Гайлықтардан 450 адам соғысқа алынған. Нешеуі орыс деп ойлайсыздар? 225 адам? 25 адам? 3 адам! 450-ден тек үшеуін ғана орыстан алынған. Сенесіздер ме? 447-сі қазақтар! Өскерде болып келген Володя әлі ішіп, шалқып жүр екен. Оған повестка келмеген. Ал өмірі әскерде болмаған, заң бойынша ішінара мобилизацияға жатпайтын механизатор, тракторист, ветеринар Бақыт, Мұрат, Арманның бәрін бір күнде жинап, аттандырып жіберген. 9000 адамы бар осы селодан бір-екі жігіт қана Қазақстандағы

туыстарына кетіпті. Ал қалғандарының көбі: «Сатқын болмаймыз. Отанымызды қорғаймыз» деп, отар-отар қой секілді кете беруге әзір. Қандай аянышты. Сарытауын емес, өзге елдің территориясында бір алжыған шалдың сасық көкірегін қорғаймын деп күлі көкке ұшарын ойлауға қауқарсыз. Өзін сақтағысы келген, ұрпағын өрбіткісі келген қазақтар Қазақстанға оралмаса, ол жақта құрып-жойылары немесе атын, жөнін, ділін, тілін, дінін сатып, толық ассимиляцияға түсіп кетері анық...» – деп жанайқайын жеткізген еді.

1 қазанға дейінгі бір апта ішінде сегіз мыңнан астам көрші елдің азаматы жеке сәйкестендіру нөмірін алған. Экономистер елге келетіндердің көші одан әрі көбейсе, инфляцияға кері әсер етеді деп болжауда. «Жылжымайтын мүлік нарығында бағаның қалай құбылғанын көріп отырмыз. Жалдамалы пәтер құны аспандап кетті. Себебі, бұл нарықта сұраныс артты. Ресейліктер басынаға жайғасты. Енді олар тамақ ішеді, жұмыс іздейді, керек затын алады. Демек, азық-түлік пен өзге тауарлардың бағасы тағы қымбаттауы мүмкін. Өрине, елге келетін Ресей азаматтары осымен тоқтаса бәрі дұрыс болады. Егер көбейсе, жағдайымыз қиындайды», – дейді экономист Андрей Чеботарев.

Елдегі жағдайды, алдағы бір жылды болжау мүмкін емес. Бейбіт күнге не жетсін деп шын шүкір еткендімен, данышпандар айтқандай аты жаман соғыстан бәрине бас шұлғи кететін елдің «күнсідігі» қорқынышты сынды...
Дина БӨКЕБАЙ



Жалғасы. Басы 1-бетте

БАҒДАРШАМ БАҒЫТ СІЛТЕЙ МЕ?

«Желтоқсан көшесі №156 А мекен жайы тұсында орналасқан жаяу жүргінші өткелінде бірнеше жаяу жүргіншілердің қатысуымен жол апаттары тіркелген, сонымен қатар сол маңайда білім беру ұйымдары мен «Қызылорда Су жүйесі» мекемесі орналасқан. Осы жаяу жүргінші өткелінен аталған мекемелерге келушілер де өтуде. Осыған байланысты жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жасанды тегіс емес қондырғысы орнатылғандығын хабарлаймыз» делінген мәлімдемеде. Десек те Желтоқсан көшесіндегі қолдан жасалған кептеліс күнделікті көз үйренген жайтқа айналды.

Тамыз бен қыркүйек айларында қала ішінде бағдаршам қондырғысы қарқынды қойылды. Бірі – орынды, бірі – орынсыз деген пікірмен халық қақ жарылды. Көлік жүргізушісі Сағатбек Қуанышбайұлы жаңа бағдаршамдар кептелісті реттеудің орнына, ұзын сонар кезекке батырып қойды дейді.

– Тесік көпір мен Ақмаржан аялдамасының аралы 1 шақырымды құрамайды. Бірақ сол аралықта 4 бағдаршам бар. Қарапайым математикалық есептеуге салсаңыз, әр 250 метр сайын 1 бағдаршам орнатылған болып шығады. Осыдан кейін аталған көшедегі көлік кептелісі қалай

болмайды?! Соңғы орнатылған Қорық ата мен Жаппасбай батыр қиылысындағы бағдаршам тіпті ақылға қонбайды. Бұрын ол жерде бағдаршам болмаса да кептеліс 5 минутқа созылып, тарқайтын. Бағдаршам қондырғалы кептеліс Ақмаржан аялдамасынан басталатын болды. Яссауи көшесіне жетемін дегенше мектептің 1 сабағы аяқталады. Мұндай сәттер қалада өте көп.

Шоқай мен Мұратбаев қиылысында орналасқан жаңа бағдаршам не үшін орнатылғаны мүлдем түсінкіз. Өйткені Шоқай көшесінің жаңа базарға жеткізетін дәлізі бір бағыттық жол. Бағдаршам орнатылғаннан кейін ол заңдылықты алып тастауы керек қой. Сонда жаңа базарға қатынайтын көліктер Шұғыла мөлтек ауданы арқылы айналып жүрмейді. Желтоқсан мен Есенов көшесіндегі қондырғы да көңілге қонымсыз. Стадион мен екі аралық 100 метрді қамтиды. Бұл – кептелістің көкесін тудыратын жайт, – дейді Сағатбек.

Қалаға жаңа бағдаршамдарды орнатқан «Акпур авто» мекемесінің өкілі Бақытжан Кеңестен мәселеге байланысты пікірін білдік.

– Биыл қаланың 10 көшесіне жаңа бағдаршамдар орнаттық. Бұл әкімдік тапсырысына сәйкес жүзеге асты. Өйткені портал арқылы жеңімпаз

атанып, белгіленген жерлерге ғана қойдық. Әкімдік те қай жерлерге орналастыру керек екеніне анализ жасайды. Жол көлік оқиғалары көп орын алатын Жеңіс пен Астана даңғылы, Яссауи мен Төле би, Яссауи мен Мұратбаев, кептеліс тудыратын сол жағалаудың кіре берісі секілді жерлерге орналастырдық. Жалпы бағдаршамдар қаланың түпкілді мәселесіне айналған көлік апатының алдын алуда септігін тигізіп жатыр, – дейді Бақытжан.

Иә, шаһарда 500 мыңға жетер жетпес тұрғын болса да көшелерде кептеліс орын алып, мегаполис мекеніне айналғандай күй кешуде. Халқы бірнеше миллионнан асатын әлем астанасы саналатын Нью-Йорк көшелеріндегі кептелісті болдырмау қала құрылысын жобалау кезінде өте мұқият ойластырылған. Қаланың іргетасы есте жоқ ескі заманда қаланса да, сол заманды сәулетшілер болашақта туындауы мүмкін көлік кептелісі мәселесінің алдын алғаны таңғалдырады. Өйткені Нью-Йорктің көшелері кең ері бір-біріне параллель етіп салынған. Яғни жүргізуші баратын жеріне екінші көлі көшеге түсіп те дер шағында бара алады. Сондықтан жаңа дүниені қондырғанда қала әкімдігі жеті рет өлшеп, бір рет кесіптен ұтымды шешім шығаруы қажет.

Ерасыл ШӨРІБЕК

Жалғасы. Басы 1-бетте

АФРИКА ТАРЫСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Бұл зерттеу жобасының ғылыми жаңалығы деп африкалық тары дақыпының тұқым себу мерзімі мен тұқым себу режимдерін айтуға болады. Себебі бұл зерттеулер дақылдың минералды тыңайтқыш мөлшері мен суару нормасын нақтылауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда осы мәселелерді басты назарға ала отырып, африкалық тарының перспективалы сорт үлгілерін экологиялық сынау жұмыстары жүргізілуде.

– Жалпы осы салада сізді өрекше таңқалдырған

жаңалықтар бар ма? Көпшілік біле бермейтін ғылыми ақпараттармен бөліссеніз...

– Африкалық тары – Африка мен Азияның көптеген елінде ертеден есіріп келе жатқан дәнді дақыл. Осы зерттеулерді жүргізу кезінде африкалық тары жармасын қондитерлік және диетикалық тағамдар дайындауда пайдаланатыны таң қалдырған жаңалық болды. Сонымен қатар нанның дәмі мен түсін жақсарту үшін қара бидай ұнына африкалық тарының ұнын қосуға болады екен. Ал оны әзірге тек малазыялық дақыл ретінде өсірудеміз.

– Ғылымды түбегейлі тауысу мүмкін емес. Сондықтан адам баласы білім жолындағы сапарын өлі де жалғастыруда. Бұл бағытта сіз қалай ізденесіз? Уақытты басқара аласыз ба?

– Иә, дұрыс айтсаңыз, ғылым – үлкен шыдамдылықты талап ететін жол. Сол себепті ең алдымен әр адам өзінің мақсатын айқындап алса, сол мақсатқа жету үшін нақты жоспар құрып, аталған бағытта жұмыс жасаса уақытты басқаруға болады деп ойлаймын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Өңгімелескен Гүлдана ЖҰМАДИН



Қазіргі таңда аудандарда орналасқан «Жастар ресурстық орталығы» азаматтардың шығармашылық қабілетімен қатар, әлеуметтік потенциалын да аша алғаны анық. Оған қоса жастармен тікелей байланыс орнатып, туындаған мәселенің бел ортасында жүрген мамандар да салаға қатысты ой-пікірін білдіріп, ақпаратпен тұрақты бөлісуде. Осыған орай жуырда Қазалы аудандық «Жастар ресурстық орталығының» басшысы Нұрбек Ақпанбетовпен тілдесіп, жастарды толғандырған мәселе төңірегінде пікірін білген едік.

– Нұрбек Нысанбекұлы, алғашқы сауалды бүгінге дейін орталық тарапынан атқарылған жұмыстардан бастаған жөн секілді. Басшылыққа келгеніңізге жыл толмаса да айтарлықтай істің біткенін,

ұйымдастырылған. – Жастар арасындағы ең өзекті мәселе – жұмыссыздық. Аталған оқпалықтың орнын толтыру үшін қандай қадам жасалуда? – Мәселені шешу орталық

сауалнама жүргізсе, екінші кезінде сауалнама онлайн (google) форматында іске асырылды. Аталған азаматтарды Қазалы көліктік-техникалық жоғары колледжінде, Қазалы



ЖАСТАР ЖАҢАЛЫҚҚА ҚҰШТАР

атқарылған жұмыстың ауқымынан хабардарсыз деп ойлаймын...

– Әрине, маған жастармен жұмыс жайы таңсық емес. Аудан жастарының әл-ауқаты, тыныс-тіршілігімен жақын танысып. Жергілікті билік пен белсенділер тарапынан жасалып жатқан қолдауларды да ауыз толтырып айтуға болатындай. Соның ішінде орталық тарапынан қолға алынған немесе атсалысқан жобалардың да маңызы ерек. Мәселен, жыл басынан бері мекеменің ұйытқы болуымен 300-ге тарта шара өткізіліп, өткен жылы аудан еріктілері әлеуметтік жағдайы төмен 23 отбасыға баспана кілтін табыстап, республика бойынша үздік «Жастар ауданы» атандық.

Был да аталған бастама өз жалғасын тауып келеді. Атап айтқанда, 60-тан астам қайырымдылық жүргізілген. Оның ішінде 10 отбасыға жылжытуға, 10 отбасыға көгілдір отын құрылғысы, 15 отбасындағы балаларға ем алуы үшін қаржылық қолдау жасалды. Ал «Жылы сөйла жандарға» акциясы аясында әлеуметтік жағдайы нашар отбасыларға қыстық отын беріліп, ерікті жастар мүмкіндігі шектеулі отбасыларға қол көмек жұмыстарын ұсынды. Жалпы, жыл басынан бері 37 мәдени шара, 21 спорттық сайыс, 27 кеңес беру акциясы, 40-тан астам қоғамдық рейд

үшін маңызын жойған емес. Себебі мемлекеттің алға қойған тапсырмасы да, жастар саясатының ұстыны да азаматтардың әлеуметтік жағдайымен өлшенетінін білеміз. Бұл орайда мекеме мамандары жоспарлы кеңес беру акциясын өткізіп, нәтижесінде 4 азамат тұрақты түрде жұмысқа орналасты. Бұдан бөлек, жастардың бос уақытын тиімді пайдалану және оларды еңбекке баулу мақсатында «Жасыл ел» жобасы бойынша барлығы 140 жас уақытша жұмыспен қамтылды.

Аудан бойынша халықты жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеуші ретінде 899 жұмыссыз жас хабарласқан. Олардың арасында 87-сі жұмысқа орналасса, 115-і «жастар практикасына», 8-і әлеуметтік жұмыс орнына, 232-сі ақылы қоғамдық жұмысқа орналса.

– NEET санатындағы жастармен жұмыс қай дегендей?

– Шынында, NEET санатындағы жастардың көбеюі қоғам дамуына кері әсер етуде. Сондықтан аталған топқа жататын азаматтарды анықтау, бағдар беру қолға алынып келеді. Ауданда NEET санаттағы жастарды анықтау жұмыстары екі кезең бойынша жүргізілді. Бірінші кезеңде орталық мамандары ауданға қарасты барлық елді-мекенге барып, адрестік түрде

аграрлы техникалық колледжінде оқыту ұйымдастырылуда. Оған қоса 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша жұмыссыз жастарды «Халықты жұмыспен қамту орталығы» арқылы қысқа курстарда оқыту қолға алына, ерікті жастарды «Бизнесіміз жол қартасы» бағдарламасы аясында қайтарымызсыз грант конкурсына қатыстыру көзделген. Ал, қалған жасты аудан көлемінде салынып жатырған құрылыс нысандарына, «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналастыру ойда бар.

– Қазалы жастарының қоғамдық жұмысқа араласуы, еріктілік көрсеткіші қалай бағалар едіңіз?

– Жастар әлеуметтік желіге тәуелді уақытта оларды қоғамдық жұмысқа араластыру, қайырымдылық жұмыстарына қатыстыру маңызды. Біздің өңірде де ерікті жастардың қатары көбейіп, бірқатар игі іс қолға алынған. Алдағы уақытта да жүйелі түрде жұмыс істелуді. Әсіресе, негізгі бағыт Neet санатындағы, қылмысқа бейім немесе жұмыссыз жастарға берілетін болады. Жошарланған іс-шаралар мереке аясында шектеліп қалмайды. Бүгінде ауданда екі «Жастар ресурстық орталығы» бар. Бірамыз бірлесіп «Жастар

тәжірибесі» бағдарламасын насихаттап, маусымдық жұмыспен қамту, тұрғын үймен қамтамасыз ету, бизнес-идеяларды қолдау шарасын жалғастыра бермекпіз. Мұның бәрі еріктілерге қозғау салары белгілі. Себебі жастар жаңалыққа құштар.

– Жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік жасау мақсатында неңдей жұмыс атқарылды?

– Бұл орайда ауыз толтырып айтарлық өзгеріс мол. Мәселен, ауыл жастарының өнерін шыңдау бағытында аудан орталығында гала-концерт ұйымдастырылып келеді. Шара аясында сала мамандарының қатысуымен «Түнгі жәрмеңке» акциясы да үздіксіз өткізілуде. Сонымен қатар Қазалы ауданында ерікті жастарымыздың ұйымдастыруымен «Көшпелі керуен» жастар жобасының құрамы жасақталды. Олар барлық елді мекендерде болып, жастардың бос уақытын тиімді пайдалану және NEET санатындағы жастарды мемлекеттік бағдарламаға кеңінен тарту бағытында үлес қосып

келеді. Оған қоса ауыл жастарының ұсыныс-пікірін тыңдап, мәселеге өзге қырынан қарауға септесуде.

Бұдан бөлек, Халықаралық жастар күніне орай аудан көлемінде апталық шара өткізілді. Онда спорт түрлерінен, инновациялық идеялар жәрмеңкесі, мүмкіндіктер керуені, «Жайдарман ойындары», «Барлық игілік балаларға», «Халықаралық жастар акциясы», «ЭКО марафон» сенбілік акциялары ұйымдастырылды. Мереке қарсаңында Қазалы ауданында дестурге айналған F. Муратбаевтың 120 жылдығына орай республикалық жастар сыйлығын табыстау кеші өткізілді.

«Жастар пікірсайысшылар клубы», тоғызқұмалақ, шахмат, сурет салу үйірмесінде уақыт өткізіп, «Мобилитография» курсы бойынша сапалы бейне жасауға талпында. Алдағы уақытта «Stand up клубы», IT-клуб жұмысын жандандыру жоспарланған.

– Өңірімізге рақмет!

Сұхбаттасқан БЕРЕН ШАҒЫРОВА

Нұрсұлтан МАХАМБЕТӨБДИЕВ, «Астана travel» жобасының жетекшісі:

Дүниежүзінде сипат алған саланың бірі – туризм. Экономиканың қарыштап дамуына үлес қосатын туризмнің өлдегі ахуалын өлді дей алмаймыз. Мұны саяхатшылардың өзі растайды. Десек те түрлі travel-дер ішкі туризмді дамытуға атсалысып келеді. Соның бірі – «Астана travel». Құрылтайшысы Нұрсұлтан Махамбетовпен тілдесіп, отандық туризмге қатысты сан сауалға жауап алдық.

– Нүреке, ішкі туризмді сөз еткенде travel-дардың жұмысы анық байқалады. Өңіріміздің әлқиссасын «Астана travel»-дан бастайышы... – 2020 жылдан бастап туризм саласына бет бұра бастадық. Саяхатшыларды Бұрабай, Зеренді, Баянауыл, Көлсай, Шарын шатқалы, Алақөл, Түркістан секілді Қазақстанның көрікті жерлерін көрсетіп, демалысу басты миссиямыз. Туризм – өлдемізді экономикалық кірсі ең жоғары саланың бірі болғаннан кейін өліміздегі жағдайды реттеуге үлес қосу үшін қызмет атқарып келеміз. – Ел тұрғындары ішкі туризмге қарағанда шетел асқанды құл көреді. Бұл өлдегі бағаның қалтаға қонымыз екенін байқатпай ма? – Қазақстандықтардың туризмге деген тусініп басқаша. Азаматтарымыздың көбі Қазақстан территориясы ішінде ел көріп, жер көргенді саяхат санамайды.

Мүмкіндігі жетсе, шетел асып саяхаттау санасына сіңген. Оның үстіне туристік өңірлердің бағасы қымбат деген ой қалыптасқан. Мысалы, «Бұрабайда бір апта демалғаннан Дубайға барған тиімді» дейтін көзқарас бар. Мұндай көзқарас ішкі туризмнің дамуына тұсау болып қана қоймай, ақшаның шетелге аялуына да себеп болуда. Жалпы адамның бюджетіне қарай кез келген жерде демалуға болады. Әрине, барып 5 жұлдызды «Rixos» қонақ үйін жалайтын болса, қымбат болатыны анық. Бірақ демалу деген тек қонақ үймен шектелмейді ғой. Сондықтан қалтаға қонымды ұй алып, табиғаттың тамаша сыйын көріп, экскурсия жасауға болады. Ғас, біздің бір кемшін тус сервисің темендігі. Мәселен, атағы өлемге айғил Шарын шатқалында жібі түзу деретхана жоқ. «Дүние жүзіне айғил Шарын шатқалында дұрыс деретхананың болмауы ішкентай мәселе сияқты көрінгенімен, бұл Қазақстанның туризм саласына қаншалық көңіл бөліп отырғандығының бір дәлелі деп ойлаймын. Тақтаймен шегелеп жасап қойған

«ІШКІ ТУРИЗМГЕ ЖАРНАМА ЖЕТКІЛІКСІЗ»

деретханалардың ішіне кіру мүмкін емес. – Еліміз туристерді төрт мезгілде де қабылдай ала ма? – Өкінішке қарай жыл он екі ай туристерді қабылдайтын жер өте аз. Тіпті, жоқ деуге де болатын шығар. Өйткені Қазақстанның географиясы мүмкіндік бермейді. Қыс мезгілінде Солтүстік өңір -40 градус болса, оңтүстіктегі жағдай +10 жылы болып тұрады. Мысалы, ауа-райына байланысты Бұрабайға туристерді 3 ай ғана алып баруға болады. Шри-ланка, Египет, Мальдив секілді күнге күйіп, жағажайда суға түсу секілді тұрақтылық жоқ. Қысы туризм туралы айтуға да келмейді. Елде 18 облыс болса, тек 2-еуі ғана облыста қысқы туризм дамыған. Оның бірі – Өскемен, бірі – Алматы қаласында. Шымкенттегі Ленгір тауын да дамытуға болады. Бірақ инфрақұрылымның нашар болуы және қардың сирек жаууы кедергісін келтіріп тұр. – Туризмді дамытудың негізгі құралы – жарнама. Жарнама жеткілікті ме? – Дұрыс айтасыз, Қазақстанда саяхатты дамытудың алғышарты – туризм саласының үгітін күшейту. Шетелден туристерді тарту үшін ғаламтарау саяхатты үгітетінін видеоларға, фотосуреттерді, жазба материалдарды ағылшын, орыс, француз, қытай, араб тілдеріне аударып салу керек. Шетелде Қазақстан туралы

сапасы жоғары полиграфиялық және аудио-видео жарнама материалдарын белсенді түрде тарату керек. Әділет Рахметулла секілді блогерлер түсіріп, насихаттап жүргенін байқап жүрміз. Бірақ бұл өлі де жеткіліксіз. Өлемдік жылдыздарымыз Димаш Құдайберген Қазақстанның көрікті жерлеріне де бейнебаян түсірсе, Геннадий Головкин әлеуметтік желіде бейнероликтер жарияласа туризмге серпін сыйлар едік. Сонымен қатар өліміздің көркем жерлерін жұртқа таныстыру мақсатында фотосурет, қысқаметражды түсірілмдер байқауын өткізіп, туристік орындардың басты ерекшелігін, салт-сана, мәдениетке қатысты түйіндерін көрнекілендіруге ден қою керек. Біз ескермей отырғанымызбен, бұл – әлем елдерінің туризмді үгіттеуде пайдаланған ортақ тәжірибесі. – Туризмге қысқа мерзімді саяхат өлемде трендке айналды. Бізде мұндай дүние қолданыста бар ма? – Көп жағдайда уежайда ушақ алмастырушылар уақытын текке жібермес үшін жеңіл саяхатты қалайды. Мұндай туризм Қазақстанда мүлде дамымаған десек те болады. Өйткені Шығыс Азиядан Еуропалға бағыт алған жолуашылар Алматы қаласында ушақ алмастыру үшін бірнеше сағат аяллады. Тіпті күту уақыты 64-72 сағатқа дейін созылады. Сонда жеңіл саяхат жасауға көп мүмкіндік туады. Ал жолуашылар Қазақстанда көп екенін біліп, көрші Өзбекстан секілді елдерге барып қайтқанды құл көреді. Е.ШҮРІБЕК



Биыл КСРО мен Қазақстанның халық ертісі, Халық қаһарманы, қазақтың опера және эстрада өңшісі Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толды. Өңшінің мерейтойы өзі туған Сыр өңірінде, оның ішінде Қазалы ауданында өреше аталып өтті.

Сырбөйлектердің ән-жүректің 100 жылдығын атап өтуі Қызылорда қаласында «Қазақ деген халықтың еркесімің» атты «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымының гала концертін бастау алды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақтың бұлбұлы Роза Тәжібайқызының есімін ел жадында жаңғыртуды тапсырып, Үкімет шешімімен «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымына Роза Бағланованың есімі берілген болатын. Қазіргі таңда онда 400-ден астам кәсіби маман қызмет етеді. Ал Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры залында әсем өнмен әуелеген өнерпаздарға халықтың ықыласы бөлек екенін ине шаншар орынның қалмағанынан аңғарсақ болады.

Дәстүрлі өңші Асқар Мұқият, Біржан Айтахметов, Күнсулу Түркіпен, Раушан Оразбаева, «ТӘУ» дуэті, классикалық өнер шеберлері Салтанат Мәңдіғалиева, Айгерім Алтынбек, эстрада жұлдыздары Құрмиш Махан, Айжан Нұрмағамбетова, Бағдат Сәмединова, «Азия» тобы, Мақпал Жүнісова сынды аға буын өкілдері кештің көркіне айналды. Розасының өнін сағынған жұрт күйбегі тірлікті бір сәтке ұмытып, аңыз адамның ұлылығын ұғынып қайтты. «Қазақконцерттің» гастрольдік сапары Қармақшы, Қазалы, Арал ауданы мен Байқоңыр қаласында жалғасын тапты.

Өңшінің туып өскен толырағы Қазалыға Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы арнайы келіп, өңшінің өз жұртына «Қазақ деген халықтың еркесімің» тақырыбындағы

концерттік бағдарламасын ұсынды. Мерейтойлық концертті аудан әкімі Мұхтар Оразбаев ашты.

— Баршанызды қазақтың бұлбұлы атанған жезтандай өңші, Қазақстанның және КСРО-ның халық ертісі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойымын шын жүректен құттықтаймын!

Роза Тәжібайқызының туған жерінде өтіп жатқан мерейтойлық шаралар да өз мәресіне жетті. Түске дейін апамыздың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында танымдық конференция ұйымдастырылып, жаңа кітаптың тұсауы кесілді.

Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейде республикалық ақындар айтысы өтті.

«Қазақконцерт» өзінің байыры гастрольдік сапарларын жаңғыртып, заманауи үлгіде елді мекендерді аралауы сапалы мәдени өнімге қолжетімдікті үйлестіріп қана қоймай, өнерден сусындаған аудан халқын серпілкенін айта кеткен абзал. Еліміздің маңдайалды майталман жұлдыздары мен халықаралық сахналарда шыңдалған жас өнерпаздардың ауданымызға ат басын тіреуі біздер үшін жағымды жеңіс болғаны жасырын емес. Аудан халқын рухани жігерлендірген өнер жұмына қазалылықтардың атынан алғысымыз айтамын, — деді Мұхтар Әуесұлы.

Айта кету керек, мерейтой аясында Қазалыда «Өн әлемінің падишасы» атты танымдық конференция өтті. Роза Бағланова атындағы мәдениет орталығында өткен конференция барысында ғалым, тарих ғылымының кандидаты, облыстық Әбділда Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Нұрлыбек Мыңжас «Бағланова болмысының ерекшелігі» тақырыбында баяндама жасап, аңыз адамның өмірі мен өнерінен бөлек жеке тұлғасына тоқталып өтті.

Халықаралық ақпараттар академиясының академигі,

Еуразиялық кәсіби лидер медальінің иегері, Қазақстанның Құрметті журналисі, БҰҰ сыйлығының лауреаты Ермек Зәңгіров, Орал қаласында тұратын жерлесіміз, Қазалы ауданының құрметті азаматы Қуаныш Төлебаев, қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Нәжиәліні Мұсабаев, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қаршыға Есімсейітова және Қазалы ауданының құрметті азаматы Берік Бисембаев, аралдық сазгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі Мұрат Сыдықов талант иесі жөнінде тебіренсе толы естеліктер айтып, Роза Бағланованың есімі қазақ халқының есінде мәңгі сақталатындығын білдірді.

Сонымен бірге республикалық шара қарсаңында Өйтеке би кентінде аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ғимараты ашылды. Жауапты мамандардың айтуынша, жаңа жастар орталығында Coworking орталығы, түрлі бағыттағы үйірмелер залы, кеңес беру алаңы және үздіксіз telegram bot жұмыс жасайды.

Тағы бір естен кетпес ерекше шара — «Qazaly maqalaton — 2022» атты марафон жарысы. 14-28 жас аралығындағы жастар арасындағы марафонға қазалылықтармен қатар Қызылорда облысының әр түркілерінен келген жалайқтар 9 шақырымдық жолды бағындыру үшін бақ сынасты. Аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен өткен жарыстың жеңімпазы аралдық Тұрсын Керімбердиев атанса, жүлделі екінші орынды қармақшылық Данияр Әбілхатұев иеленген. Ал қола жүлде Қызылорда қаласынан келген Күмісбек Қоңжабаева бұйырды. Бас демеуші «New study» оқу орталығы I орынға 100 000 теңге, II орынға 40 000 теңге қаржылай сыйлақ демеушілік көрсетті. Сонымен бірге алғашқылардың қатарында

келген спортшылар да назардан тыс қалмай, Алғас хат пен бағы сыйлықтарға ие болды.

«Шығыстың бұлбұлы» атты республикалық ақындар



айтысында Павлодар, Шымкент, Қызылорда қаласы, Түркістан, Ақтөбе облысы және Қазалы, Арал, Қармақшы аудандарының ақындары сөз бөйгесіне түсіп, қазылар алқасының шешімімен бас жүлдеге аралдық Ержен Әбдіев лайық деп танылды. Оған 700 мың теңге табысталды. Бірінші орынға шымкенттік ақын Біржан Байтуов лайық деп танылса, Атырау қаласынан келген Фариза Жетпісбай мен қазалылық ақын Елнұр Нұрқасым екінші орынды, павлодарлық Рауан Қайдаров пен Түркістан облысынан келген ақын Дәурен Ақсақал үшінші орынды иеленді.

— Алам туралы айтылар әңгіме, бірге кешкен ерекше сәттер, оқиғалар да көп. Алам қайтыс болған кезде отбасылық, ана мен келін арасындағы естен кетпес естеліктерді жазып бастаған едім. Кітап шығарып, қазалылық қарияларға

тұсауын кестірsem деп ойлайтынмын. Міне, бүгін соның реті келді.

Қайтқанына қырық күн болмастан жазып жүрдім. Қайтыс болған адамның рухы қырық күн ішінде үйінен кетпей, аралап жүреді деп жатады ғой. Өлі күнге дейін ол туралы естеліктерді тындап, апам айтқан әндерді естіп жатамын. Сол үшін жанымызда секілді. Ал өсем дауысы ел жадынан өшпейтін анық. Роза Бағланованың мерекесі — қазақ өнерінің мерекесі. Сондықтан баршанызды құттықтаймын, — деді келіні Марал Сағынайқызы.

Дина БӨКЕБАЙ



Қазақтың күміс көмейі, жез таңдай өңшісі Роза Тәжібайқызының ғұмыры тұтастай әдемілікпен құралған. Сахна адамы болған соң жаны сулулықты жақсы көретін. Халыққа Роза есімімен танылған оның шын есімі Рәзия еді. Анығында аңыз адамға айналған өңші жайлы біз білме бермейтін дерек көп. Сол үшін тарих бетіне қайта үңілген едік.

Көпшілік Роза Бағланованы Қазалының тумасы деп біледі. Шыққан тегі ретінде Кіші жүздің ішіндегі Әлім, одан Бөлек Асан деп таратады. Өңшінің көзі тірісіндегі сұхбаттарында әкесі Тәжібай, ал анасы Аққүрші екені жазылған. Алайда өңшінің ағасы Шәкіман Бектібаев Розаның Қазалыда емес, Қармақшы ауданында дүниеге келгенін айтады. Бұл туралы «Аңыз адам» журналына берген сұхбатында ол көпшілікке беймәлім келесі оқиғаларды баяндайды: «Әкем Бектібай — ескіше білімі бар өрі Жосалы кентіндегі 4 жыныптық орыс мектебінде білім алған, сауатты адам болған. Болыстығы үшін құдалап, 1928 жылы оны Қазалыға жер аударған. Дәм-тұзы таусуларын біліп бізді қаш жалаңаш қалмасын» деген әкем мені, қарындасым Рәзияны және інісі Пазылдың қызы Әсілбекті Қазалыдағы балалар үйіне тапсырады. Бір күні біз Әсілбек апаммен кетуді ұйғардық. Рәзияны да алып қашып кетпекші болып едік, тәрбиеші татар әйел оған бізді жолатпай қойды. Кейіннен өз-өзімізге келе бастағанымызда 1935 жылы шешем Рәзияны алып кетуге Қазалыға барды. Бірақ баяғы татар әйел «оқуына кедергі келтірменіз» деп қызды көрсеткісі де, жібергісі де келмейді. Сол кезде Қазалыдағы оқу

жағдайды айтады. Сол кісінің араласуымен балалар үйіндегілер Рәзияны шешеме көрсетеді. Бірақ «Қазір түрлі жағдайлар болып жатыр. Сондықтан алдыңызға 11 қыз шығарамыз. Соның ішінен қызыңызды таныссыз және ол да сізді таныса ғана береміз» дейді. Сөйтіп бірдей киізден 11 қызды шығарады. Шешем солардың ішінен Рәзияны танып, «Менің қызым — осы» деп көрсетеді. Тәрбиеші қыздан «Мына кісіні танысың ба?» деп сұраса, қыз «танымаймын» депті. Танымайтындай жөні бар. Оны балалар үйіне төрт жасында өткізген ғой. Қатар қыздары Рәзияны «Роза» деп атап кетті. Рәзия менен төрт жас кіші. Оны 1922 жылы дүниеге келген деп жүр ғой. Шыңызында ол 1924 жылы туған» дейді ақсақал. Соғыстан кейінгі қой үстіне бозторғай ұялаған шақта Қадилша ана Розаман қайта қауышпады. Өңшінің есімін ел таныған уақыт. Сонда Роза өзін өсірген екі анасы Мариям мен Аққүршінің болғанына қарамастан, қайта жолыққан туысқандарын да жылы көңілмен қарсы алады.

Алайда көпшілікке өмірбаянын қайта өзгертіп айтайды, өзінің Тәжібайқызы Роза екенін болмаса Бектібайқызы Рәзия екенін де рас-өтірікке шығармайды. Тұтас ғұмырын өнерге арнаған өңші алты жасында Құран оқыған. Ол жайлы өзі «қай кезде болсын қалтамда қызыл билетім болып, коммунист болсам да Құдамынды ұмытқаным жоқ» деп естелік қалдырған. Халық қаһарманының жақсылыққа жақын

болғаны да рас. Оған жыл сайын балалар күнінде қайырымдылық концертін беруді дәлел еді. Тіпті сол концертке дайындаламын деп үш жарым ай ұйықтамағаны да аңызға бергісіз ақиқат болатын.

Тарихи тұлғаның көпшілік біле бермейтін бір қасиеті — оның көріпкелдігі. Өңшінің белгесі Жалғас Сүйеубаев бір естелігінде Розаның туған нағашысы Өмірбай атасының көріпкел кісі болғанын айтады. Расында өңшіге көріпкелдік сол кісіден берілген қасиет болар. Аян түстерді жиі көретін өңші өзі жайлы да түс көріп, оны өзі жорып, үйіндегі қызметшілеріне «екі жарым жыл гана ғұмырым қалды» деген болжамы тура келген. «Біреуге қатты ренжісем не налысам, ол адамды ұшырып түсіремін. Сондықтан ешкімге

ренжімеуге тырысамын. Мен сахнада тұрғанда жерден көтеріліп тұрғандай сезіменмін. Осының бәрі менің бойымда бір тылсым табиғат күші барлығынан болар» деген екен өңші «Қазақстан әйелдері» басылымына берген сұхбатында. Ал Ұрқия Иманбай жазған «Айналайын халқымын еркелеткен» кітабында біртұар өңшінің мына болжамы оқыған адамды таңқалдырмай қоймайды. «...Біреу сенер, біреу сенбес. Бірақ өзім Гагарин соңғы рет космосқа ұшқанда оны баса планеталықтардың, белгісіз бір объектінің алып кеткенін көрдім. Мен космоспен күніге тілдесе аламын. Космостың адамдары күлгін, көгілдір түсті болып келеді. Әйелдері сарафан,

еректері комбинезон киеді. Олар — өте зор, биік. Оларда асқазан жоқ, тамақ ішпейді, витаминдермен ине шашып қоректенеді. Ұзақ ұша алмайды. Бірақ ұшатын кездегі аз гана уақытта өте мол апаратын жинай алады» дейді.

Жоғарыда талай жанды өңшімен емдеген өңшінің сулулықты жақсы көргенін айттық. Содан болар өнер адамы үйіне хрусталы ыдыстарды жинағанды ұнатқан екен. Өзі бұл әдеті жайында «хрусталыды тазалығын, сыңғырын

ұнатамын» дейтін көрінеді. Өзінің күтіміне жас кезінен мен берген өңші Мәскеуден арнайы кремдер дайындап алып отырған. Бетіне мүлде иіс сабын жақындатпайтын ол жүзін екі мезгіл тек жұмыртқамен тазалайды екен. Алайда көзін көрген жандар өңшінің әдемілікке жақын бола тұра боянбайтын, беті жас сөбидің жүзіндегі ұлыжып тұратынын айтады. Бір қызығы, алдына барған адам өдемі болып тұрса гана сөйлесетін өте кірпіяз жан екен. Бұл да тек біртұар тұлғаға жарасатын қасиет терізі.

«Өмірді өдемі сүре білу керек. Өдемі өмір сүріп үйрену керек. Қалай болса солай өмір сүрмеу керек. Өмір бір-ақ рет беріледі. Жан дүниені де, мінезін де, үйінің іші де өдемі болу керек» деп жиі қайталайтын қазақтың Розасы бар болмысымен баршаға үлгі. 85 жылдық мерейтойында да жанды дауыспен ән салған өңші үні де, өзі де жыл өткен сайын ғауһардай құнды бола түсері анық.

Дайындаған Гүлдана ЖҰМАДИН



ОЛИМПИАДАДАҒЫ ОЗАТ ОҚУШЫЛАР



Жақында информатика пәні бойынша Еуропалық жасөспірімдер олимпиадасы өтті.

Еуропаның 32 мемлекетінен 172 оқушы қатысқан білім бәсекесіне елімізден іріктеуден өткен 8 оқушы бақ сынады.

Алты күнге созылған «JOI-2022» олимпиадасының нәтижесінде аймағымыздың абыройын қорғаған Сейіпбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушылары Мансұр Мамадахуов «Күміс медаль», Иса Ахмет «Қола медаль» иегерлері атанды.

«Бұған дейін Президент үндеуінде білімге деген ұмтылыс туралы айта келіп, болашақтың кілті цифрлық технология мен инновацияда екенін жеткізді. Сондықтан ғылымды жастар үшін тартымды ету, оны биік мансапқа бастайтын трамплинге айналдыру аса маңызды. Ал жастардың алға ұмтылыс жасауы, жеңіске деген құштарлығы қуантады» деген пікір білдірді мектеп басшылығы.

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ҚОЛДАУ



Жас ғалымдардың зерттеуін гранттық қаржыландыруға арналған конкурс басталмақ. Ғылым және жоғары білім министрлігі 2023-2025 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалым – постдокторанттардың іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған конкурс өткізетіні жөнінде хабарлады.

Конкурстық құжаттамаға сәйкес өтінімдер ғылымды дамытудың басым бағыттары бойынша қабылданады:

- Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін ұтымды пайдалану, экология;
- Геология, минералды және кәмірсутек шикізатын өндіру және қайта өңдеу, жаңа материалдар, технология, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар;
- Энергетика және машина жасау;
- Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер;
- Агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігі;
- Әмір және денсаулық туралы ғылым;
- Ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар;
- Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер;
- Білім және ғылым саласындағы зерттеулер;
- Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс және мамандырылған ғылыми бағыттар.

Конкурстық өтінімдерді қабылдау 31 қазанға дейін <https://is.ncste.kz> сайтында жүргізіледі.

ӘСКЕРГЕ БАРУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ



Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» «Жас Сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы РКБ-нің облыстық филиалымен бірлесіп Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы әскери кафедрала «Отан Әскер, Жас Сарбаз.» тақырыбында ашық есік күнін өткізді.

Шара барысында облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстарының орынбасары подполковник А.Жақыпов жастарға әскери кафедраның бір күндік тынысын және әскери техникаларды таныстырды. Сондай-ақ жында жастарды әскерге баруға ынталандыру мәселелері, әскерге шақырылған сарбаздар қызметін өтеген соң ҰЕТ нәтижесін тексермей-ақ еліміздің жетекші жоғары оқу орындарына түсе алатыны айтылды.

«Қазір еліміздің барлық өңірлеріндегі жетекші жоғары оқу орындарымен бірлесіп отырып, әскери қызметке деген ынтасын арттыру мақсатында Қорғаныс министрлігінің жобасы жүзеге асырылуда. 30-ға жуық жетекші жоғары оқу орындары (П.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті және т.б.) қолдау көрсеткен», – деді спикер.



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен Қызылорда қаласындағы «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде қасиетті Құран Кәрімді жатқа және

Байқау барысында қатысушылардың Құранды қатесіз жатқа және тәжүидімен көркем оқуына баса мән берілді. Өрі қариларға толық Құранды жатқа оқу номинациясы бойынша республикалық, халықаралық жарыстарда жүлделі орын алмаған болуы керек деген талап қойылды.

Байқау барысында қатысушылардың Құранды қатесіз жатқа және тәжүидімен көркем оқуына баса мән берілді. Өрі қариларға толық Құранды жатқа оқу номинациясы бойынша республикалық, халықаралық жарыстарда жүлделі орын алмаған болуы керек деген талап қойылды.

«Мәнерлеп оқу» номинациясы бойынша Арман Жамбылұлы (Атырау облысы) жеңімпаз атанды. «20 пара» бойынша Ақмал Рақымқұлов (Алматы облысы) жеңіс тұғырынан көрінсе, «30 пара» бойынша орынды Иманәлі Мырзагелді (Жамбыл облысы) қанжығасына байлады. Ал «Көрермен көзайымы» атылғаны бойынша атылаландыру сыйлығы Қызылорда облысынан қатысқан Аюбай Нұр-Мұхаммед қарига бұйырды.

Қарилар байқау жалпы жұртшылыққа «Діни басқарманың «Munaga TV» телеарнасы мен «Муфтият ҚМДБ» YouTube-арнасынан, сонымен бірге @mufti-yatkz инстапарақшасынан тікелей көрсетілім ретінде ұсынылды.

Гулдана НҰРТАҚЫЗЫ



ЖАС ҚАРИ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

мәнерлеп оқудан XI республикалық байқауы өтті.

Байқауда Құран Кәрімнің 30 парасын жатқа оқыған 19 жастағы Иманәлі Мырзагелді темір тұлпарды тізгіндеді.

Екі күнге жалғасқан байқауға еліміздің түпкір-түпкірінен 80 үміткер қатысты. Облыстық іріктеу кезеңдерінен оқ бойы оза шапқан сайыскерлер 4 аталым, яғни Құран Кәрімнің 10, 20 және 30 парасын жатқа оқу, сондай-ақ мәнерлеп оқу бойынша бақ сынады. Алдын ала ұйымдастырылған жеребе тарту рәсімі барысында үміткерлердің реттік нөмірі белгілі болды.

талап қойылды. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне ҚМДБ төрағасы, Бас муфти Наурызбай қажы Тағанұлы, сауапты іс-шараға демеушілік жасаған Бахаридин Аблязимов және зиялы қауым өкілдері қатысты.

– Жасынан Құран жаттаған қарилардың байқауын қорытындылап, марапаттап отырмыз. Осы байқауды өткізуге атсалысқан ҚМДБ ұжымы мен Қызылорда облыстық өкілдігіне, қариларды бастап келген облыстардың бас имамдары мен барша дін қызметкерлеріне, сонымен қатар демеуші болған Бахаридин Нұрманұлына, Сәдуақас Олжабаев қарымыз бастаған әділқазы мүшелеріне алғысымды білдіремін. Байқауға қатысқан қариларымыздың бәрі жеңімпаз атанды

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150 ЖІЛ

Қазақтың сауатты ел болуына ықпал еткен Ахмет Байтұрсынұлының есіміне рухани көсем деген теңеу жарасады. Оның шығармашылығы ақындықтан басталды. Қалың ұйқыда жатқан халқын «Маса» деген кітаппен оятты. Мұндағы автордың мақсаты халықты оқуға, еңбек етуге, білімді болуға шақыру еді.

Ахмет ата қазақ тіл ғылымының іргетасын қалаумен қатар әдебиет зерттеуші де болды. Небары 38 жасында қазақ әліппесінің негізін қалады. «Оқу құралы», «Тіл-құрал», «Әдебиет танытқышы» оқулықтары қазақ тілінің ана тілі екенін танытуда, әдебиеттегі көркем әуендер мен шығармаларды талдауға көп мән берген ерекше құрал болып танылды. Бізге барлығы оңай болып көрінгенмен бұл туындылардың артында көп жылдық зерттеу мен қыруар еңбек жатыр. Еңбектің жемісті нәтижесін көру бізді, келешек ұрпақты, өріне, қуантады.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын да қалыптастырған ірі қайраткер. Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлымен бірігіп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды. Ұлттың туын биік ұстады. Әр мақаласында халқын өнер мен білімге шақырды. Халықтың саясаттан хабардар болуын мақсат етті. Қиындыққа

мойымады. Ол секілді еліне жаны ашитын тұлға болмаса, қазақ тіл ғылымы мен әдебиетінің бағыты қайда бұрылар еді? Жарты ғасырдан сөз асқан өмірінде жүрегі тек қазағым деп соққанын осы дәлелдер айқындайды.

Биыл Ахмет атамның туғанына 150 жыл толды. Байтұрсынұлынан жеткен бағалы мұралардың қатары көп емес. Ағартушы атында мұражай-үй болғанымен ондағы тек санаулы экспонаттың Ахмет дәуірінен жеткені көпке мәлім. Өуелі ахметтанушыларды, кейіннен күллі қазақты қуантқан кара домбыра бұған дейін қолдан қолға өтіп, сақталып келіпті. Енді Ахмет ата өзі ұстап, көзі көрді деген азын-аулақ мұраның қатары оның қолы тиген домбырасымен толығын отыр. Бұл – 150 жылдыққа тосын әрі тарту сый.

Бұдан бөлек, музейлер мен ескерткіштер ашылды, яғни атаулы датаның ескерусіз қалмағаны көңіл қуантады. «Іске пайдасыз білгіштікті білдім деудің қажеті жоқ. Ондай білгіштен аз біліп, іс көп тындыратын қоңырқай адамның өзі артық» деген ойды көңіліме тоқып алдым. Материалық тұрғыда емес, рухани бай болған жақсы. Рухы мықты жан

ЖАСТАРҒА СЕНЕМІЗ!

Анаға бас иетіп, Өз Отанын сүйетін Жастарға сенеміз. Ата жолын жалғайтын. Таза жолды таңдайтын. Біз жастарға сенеміз. Ана сүтін ақтайтын. Сап-дәстүрін сақтайтын Жастарға біз сенеміз. Білімге құштар, талапты, Білімді, тапқыр, талантты, Сабыр сақтап, саспайтын Қиындықтан қашпайтын, Жастарға біз сенеміз. Тұрақты тату тірлікті, Бағалай білген бірлікті, Біз жастарға сенеміз. Арманың көп астары Аса биік асары. Шынына соның шығындар, «Ақмешіт жастары»!

Қазыбек ӨШРБЕКҰЛЫ, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

ғана кез-келген сынаққа сынбайды. Ал мен қазақ халқында Ахмет Байтұрсынұлындай рухты, мықты тұлғаның болғаны мақтан етемін.

Айдана ӘБІЛДА, №2 «Абай» мектебінің 11-сынып оқушысы



РУХАНИ БАЙ БОЛҒАН ЖАҚСЫ...

МЭДИАСАУАТ

Бүгінде блогер, музыкант, өзлікештердің көпшілік алдында

өз-өзін ұстауы көңіл кеншітпейтіні жасырын емес.

Олар кейде назар аударту үшін бейдеп әрекетке де барып жатады. Ол аздай, әфир барысында балағат сөз қолданып, концерт пен бейнабаандарда енеге жат қадам жасайды. Бұл өз кезегінде жастардың мінез-құлқың қалыптастыруда кері әсер етпей қоймасы анық.

Шоу-бизнесітегі бейдеп істің негізі себебі – жауапкершіліктің аздығы. Яғни, әрекет үшін жауапқа тартылмайтын білген әртіс әдепке жат қылық жасауға әуес. Бұл туралы БАҚ пен әлеуметтік желіде көптеген сын да айтылды. Басым бөлігі орындаушыларға дөрекі дүрбелең үшін сын айтып қана қоймай, оны жастар арасында насихаттауға наразылық білдіруде.

YOUTUBE НЕ ҮЙРЕТЕДІ?

Оған қоса YouTube желісінде түрлі бейнебаян тартып, танымал болуға талпынатыны жасырын емес. Алайда аталған платформаның басқару жүйесі, идеологиялық мақсаты бар екенін аңдай бермейтін секілдіміз. Екіншіден, YouTube-тегі жазбалар баспасөзде жарияланатын ақпаратқа қарағанда жаңсақ әрі теріс пиғылды болуы ықтимал.

Үшіншіден, Youtube-ті қолданатын жасөспірім қатары көп болғандықтан бейнехостингтің тәрбиелік мәнге ие екенін ескеруіміз қажет. Бұл дегеніміз, жас пайдаланушылар көп қаралым немесе

«лайк» жинайтын бейнелерге құмартып, сана-сезімін қалыптастырады. Сондықтан керісінше Youtube-тің танымалдылығына сүйене отырып, БАҚ-тың дамуын, мемлекеттің идеологиялық мақсатын шегеңдеген пайдалы.

Бәріміз білетіндей, YouTube адамдарды желіге тарту мақсатында монетизация жүргізеді. Бұл көптеген блогерлерге

шығармашылықты одан әрі дамытуға көмекші бола алатын жұмыс жасауға одан әрі ынта сыйлады. Дегенмен,

көрсерменнің назарын аудару, сол арқылы пайда табу үшін көптеген желі қолданушы жалған ақпарат пен бейдеп бейне жариялауды доғарар емес. Бас прокуратураның айтуынша алдағы уақытта жалған ақпарат берген азаматтардың үстінен іс қозғалып, заң шеңберінде жазаланатын болады.

Енді бейнебаянға келсек. Мысалы, жастардың сүйіп тыңдайтын «Ирина Кайратовна» тобы бар. Топ мүшелері

жақында жаңа бейнебаян шығарды. Жазбадан қан белгілерін және жартылай жалаңаш қыздарды байқадық. Біздің ойымызша, бұл қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінбеуден шыққан жөнсіз әрекет. Себебі аталған музыкант сөзі де тым оғаш.

Осы орайда қазақ қоғамының рухани дамуына жасалған тағы бір жөнсіз қадамды атағым келеді. Ол – «Қайрат болма, адам бол» қысқаметражды фильмі. Фильмде актердің темекі шегіп, ішімдік ішкені көрсетілген. Мұндай мазмұндағы кино қазақ қоғамын ғана емес, адамзаттық құндылықтарды да мансұқ ететіні белгілі. Өнерге қойылатын талап пен этикалық нормаларға жат өнім есебінде бұл бейнелерді қарау орынсыз дер едім.

СОЛҚЫЛДАҚ ЗАҢ: МӨСЕЛЕ СЕБЕБІ

Жалпы әлеуметтік желіні реттеу үшін заңның қауқары болуы шарт. Мәселен, әлеуметтік желілерді реттеу туралы заң Түркияда да бар. 2020 жылы қыр-қүйекте бекітілген заң бойынша танымал шетелдік платформалардың елде өкілдігі болуы тиіс деп міндеттелді. Егер орындаудан бас тартса, айыппұл салынады. Бір айдың ішінде Түркиядағы өкілдігі туралы ақпаратты дер кезінде бермеген Facebook, Instagram, Twitter, YouTube, Periscope және TikTok 10 млн түрік лирасын төлегені белгілі.

Жаңа заңда әлеуметтік желілерден мемлекет тұрғындарының

барлық мәліметі ел сыртына шығармауын талап етеді. Контент модерациясына қатысты бөлігіне келсек, билік тарапынан ар-ожданға тиетін болса не жала жабылса, сот шешімінсіз екі тәулік ішінде өшіруі тиіс. Әлбетте, бұған қоса айыппұл арқалайды.

Кез келген құбылыстың екі жағы бар. Әлеуметтік желінің көлеңкелі тұсын да, күнгейін де ескеруіміз керек. Хабар тарату, ақпарат беру көпшілікке ортақ міндетке айналған сияқты. Орын алған қандай да бір жағымсыз жағдайды жылдам уақыт телефонға түсіру арқылы небір қитұрқы әрекеттер өшеркеленіп

жатыр. Бұл мүмкіндіктің жағымды жағы. Екінші мәселе, ақпарат тарату өркімің қолында болғандықтан тексерілмеген, жалған ақпарат, қасақана біреуге зиян келтіру мақсатында ақпарат тарату жағдайлары орын алатыны жасырын емес. Сондай-ақ, әлеуметтік желіде тараған ақпараттың анық-қанығын біліп, түрлі топтардың жетегіне еніп кетпеу үшін еліміздегі әлеуметтанушылар медиа сауаттылық деген түсінік қалыптастырмақшы. Бұл түсінікке медианың өмір сүру заңдылықтары мен құрылымы, мақсаты, мемлекеттік саясат, белгілі бір топтардың ықпалын қатардағы адамдар ара жігін айыра алатындай, түсініп білетіндей деңгейге жеткізу керек. Оның ішіне жарнамаңның нақты тәсілдері мен амалдарды, жолдарын түсіндіру міндеті де кіреді.

Расында, әлеуметтік желінің зияны туралы

қанша айтылса да оны қолданушылар саны азаймасы түсінікті. Оған қоса, желі қолданушылары құп санап артып келеді. Бұл виртуалды өмірдің маңызы артып, бақылауды күшейтетін уақыт екенін білдірсе керек. Себебі желіні сауатты пайдалану сананың да, сапаның да көрсеткіші.

Дос ТАБЫЛДЫ

ӘЛЕМЖЕЛІНІҢ ӘЛЕГІ



Түрі сұсты адамдар болады. Саған қанша күліп қараса да жылы қабылдай алмайсың. Кейде бір сәттік көзқарасының өзі сондай суық болып көрінді. Бала көзімде менің де қорқатын бір адамым болса, ол «Злая собака» еді. Шын аты – Зубайра. Бірақ оны «Злая собака» дейтінбіз. Өйткені оның ұрысқаны не қабақ шытқаны шынымен қорқыныш сыйлайтын.

Ата-анам қалаға көшіп келген соң көп уақыт жатақханада тұрдық. 11 жасыма дейінгі балалық шағым сол жерде өтті. Бір қабатты ғимарат шамамен шағын-шағын 20 бөлмеден тұрады. Ортасында ұзын дөліз, бір-біріне қарама-қарсы бөлмелер. Ел ауында бұл ғимараттың атауы – «вахта». Біз тұрған «Шанхай» шағын ауданында

осындай 20-30 «вахта» бар. Біз де кезекті «вахтаның» бір бөлмесіне қоныстандық. Бір ғимаратта 20 отбасы бар. Әр ғимаратта 10-15 баладан. Әрқайсысы өзара жасына сәйкес бөлініп, ойын ойнап, ермек қылады. Кейде басқа «вахтаның» балаларымен төбелесеміз. Әр үйден футбол құрамын жасақтап, доп төбеміз. Бірақ ең қызықты ойынның барлығы көш батқанда, ұзын дәлізде басталады. Қыздар жағы бір бұрышта қуыршақ ойнаса, балалар «фишка» ойнайды. Ал дәліз қуыршақ ойнауға ыңғайлы. Ана жағынан мына басына дейін біршама жер. Дүрсіл-дүрсіл жүрірістен мезі болған үлкендер


қап-қара. Оның қабағының ашылғанын көрген жандар кемде-кем. «Злая собақаның» сұңғақ бойлы, ақ шашты, толық денелі күйеуі бар. Екеуі үнемі жас жұбайлар секілді қол ұстасып жүреді. Бірақ балалары жоқ. Күйеуінің бір әдеті – қолынан көк «айген» пакетін тастамайтын. Міне, сол «злая собақадан» кәдімгідей қорқатынбыз. Себебі оның ұрысқаны шошымдады. Оның бөлмесінің алдында ойнау түгілі, аяқтың ұшымен өтеміз. Бірақ балалар болып тығылыспақ ойнадық. Дәліздің жарығы өшкен, тастай қараңғы. Әр қуысқа тығылып, ұстауға жақын қалғанда тырқырай қашамыз. Сөйтіп, әр есіктің алдына бір тығылып, ұстай қалса, жүгіре қашып өлепкім. Солайша сұмдық жағдайға тап болдым. Қалай екені белгісіз, қас

жеті түнде жұрттың зәресін алдым. Шешем «Злая собакаға» өкпесін айтып, қорқытқаны үшін ұрсып жатыр. Менің бұл әрекетіме өзі де шошынп қалса керек, аузынан бірде-бір сөз шықпады.

Сол оқиғадан кейін біразға дейін түнде шошып оянып жүргенім есімде. Шешем де «Злая собакаға» ренжісе керек, көпке дейін сәлемдеспей жүрді. Балалар оның бөлмесінің жанынан өтпек түгілі, көзіне көрінуден қорқатын болды. Осыдан кейін дәлізде жүгіруді де қойып кеткен сияқтымыз.

...Сабақтың өуресінен әбден шаршаған мен үйге келіп ұйықтап қалдым. Ұйы қанған кезде көзімді ашсам шешем мен «Злая собака» дастархан басында шай ішіп отыр. Қорыққанымнан көзімді тартс жұмып алып, барынша ұйықтап қалуға тырыстым. Сонда естіген әңгімем мынадай. «Отасқанымызға биыл

ҚАБАҒАН ИТ



шығып айқай салады. Сосын амалсыз бір бұрышқа жиналып, әңгімедүкен құрасың. Вахтер дәліздің жарығын өшіргенше үйді-үйге тарқаса болмайды. Міне, осы секілді түрлі ойынды ойнағанда екі адамнан ғана қорқатынбыз. Бірі – вахтер. Ол арыз жазып, отбасыңды жатақханадан шығарып тастауы мүмкін. Сол үшін барлығы оның көңілін табуға тырысады. Екіншісі –

қылғандай «Злая собақаның» есігінің дәл жанына тығылыппын. Оны егесі жоқ кезде балалармен ағаш есігіне шегемен қашап жазған «Злая собака» деген жазудан байқадым. Өрірек тұрайын десем іздеп жүрген бала дәл қасымада жүр. Сол мезетте қуғыншы бір баланың аяғын басып кетті. Біреуі қарқылдап күліп, екіншісі артынан қуып барады. Күлкілі жайды қызықтап тұрғанда әлдебіреу қолымнан шап беріп ұстамасы бар ма?..

Жалт қарасам «Злая собака» бөлмесіне сүйреп барады. Жарықты жағып қалған кезде қорқынышты келбетімен бетпе-бет келдім. Алғашында түк түсінбей тұрып қалдым да кейін бар дауысыммен бақыра жөнелгенімді аңдамағаным рас. Үйді басым көтергенім соншалық, дауысым қатты шығыпты. Вахтер бөлмеден атып шығып, жарықты жаққанда есіктен барлығы басын шығарып қарап тұр. Мен құбыжық көргендей бақырып жатырмын, бақырып жатырмын. Зубайра қолымнан жетектеп, дәлізге шығарып: «Мен түк істемедім. Тек жүгірмесін деп ұрсайын дегем», – деп ақталуда. Қолынан босап шықтым да, анама қарай жүгіріп, құшағына еніп кеттім. Қорыққаным соншалық, жүрегіміңнің дүрсілі өзіме естіліп тұр. Сөйтіп


17 жыл. Қай күнәміз үшін екенін білмеймін, бірақ құдай сәби бермеді. Кішкентай кезімнен балажан болып өстім. Іні-сіңлілерімді бағудан шаршамайтынмын. Бүгінде бәрі өз алдына отбасы болды. Бірақ әлі күнге дейін уайымдап, сағынып отырамын. Олардың балалық, сәби кездері кешегідей көз алдыма. Анама серік болып, көмектесіп жүргенде баламды былай тәрбиелеймін, мынадай киім киізсем дегенді көп айтатын едім. Жұбымды тапқанда да ертерек тұрмысқа шықым келетінін айттым. Өйткені тезірек бала сүйіп, баламды тәрбиелеуге асықтым. Бірақ көріп тұрғаныңдай, Құдай құрсағымна бала бермеді.

Кеш батып, ұйқыға жатсақ балалар ойына шығады. Олардың сыңарынан күлкісі, еркелеп ойнағанынан еріксіз жылпаймын. Балалардың дауысы жүрегімді ауыртып, Құдайды кінәлаймын. Сендер балаларыңды құшақтап еркелеткенде өзімді қоярға жер таппаймын. Ал ұрысқанда балаға қалай жаным ашитынын білсем, Міне, сол сыңар бақыты балалардың дауысын естімес үшін, өзімің жанымды жедейме үшін оларға ұрсамын... – деді ол.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Зубайра. «Злая собака». Зубайра – жасы 35-40 шамасындағы әйел. Бойы ұзын, шашы

«НАМЫСТЫ ҚОЛДАН БЕРМЕЙМІЗ»



Бүгін Ташкент татаминде дзюододан әлем біріншілігінің жалауы желбірәйді. Әлемнің үздіктері бақ сынайтын дүбірлі додада Сырдың үш балуаны бақ сынады. Мағжан Шамшадин, Абылайхан Жұбаназар, Нұрлыхан Шархан Өзбекстандағы бәсі биік бәсекеде өл намысын қорғайды. Жарыс алдында 60 келідегі фавориттердің бірі Мағжан Шамшадиннен дайындығын білдік.

оңай түспесі анық. Дайындық жаман емес. Түрлі оқу-жаттығу жиындарынан өтіп, ысылдық. Аста-



– Мағжан, биыл бағы жанған балуандардың алғы шебінде тұрсың. Халықаралық деңгейдегі барлық жарыстардан өл қоржынына жүлде салдың. Ташкент татаминде де жанкүйерлер жеңісті жол жалғасады деп топышылауда. Айтулы аламанға дайындығың қалай? – Өзбекстандағы жарыс былғы халықаралық ірі жарыстардың нүктесі болғалы тұр. Париж олимпиадасы жақын қалғаннан кейін әлем біріншілігінің салмағы ауырлай түседі. Өйткені барлық балуан рейтингтегі ұпайларын молайтысы келеді. Сондықтан Ташкент татами кімге болмасын

надағы Азия біріншілігінен кейін үзінсіз жаттығу жұмыстарын жүргіздік десек те болады. Бастысы сыр бермей төккен тердің еңбегі қайтса дейміз.

– 60 келіде бақ сынап жүргеніңе біршама уақыт болды. Бұл салмақта әдіс-тәсіл жасау қаншалықты қиын?

– 60 келі ерлер арасында ең жеңіл салмақ болғандықтан ширақ қимылдауды қажет етеді.

Татаминде шалыс қимыл жасасаң, қарсыласың әдіс жасап кетуі ықтимал. Көп жағдайда жылдам қимылдаудың нәтижесінде ойлаған әдісің жүзеге

асады. Дегенмен тактикалық тұрғыда да сауатты болуың керек. Қарсыласты жекпе-жек алдында теориялық тұрғыда зерттесең, жеңілістің кермек дөмін татуың мүмкін. Бұл салмақта ипонға түсіру қиындау болады.

– Елдос Сметовтың 60 келіге қайта оралуы күтпеген жаңалықтың бірі болды. Елдостың шешіміне қандай ой айтасың?

– Елдос аға буын өкілі десек қателеспейміз. Көп жағдайда өз ақылын айтып, жігер сыйлайды. Зағребеті жеңісіме де тактикалық тұрғыда көп көмегін тигізді. Соның арқасында жеңістің ең биік сатысына көтерілдім. Үйреншікті салмаққа қайта оралуы бәсекелестікке жол ашады деп ойлаймын.

– Ташкенттегі қарсыластарға тоқталайықшы. 60 келіде қанша балуан бақ сынайды?

– 42 балуан бақ сынаиды. Біздің елден бөлек 1 салмақта 2 спортшы бақ сынайтын Корея, Моңғолия, Израиль, Франция мемлекеттері бар. Мұндай мүмкіндік

көп елдерге бұйыра бермейді. Сол себепті Елдос Сметов екеуміз бұл сәтті жақсы пайдалануымыз керек. Қарсыластың барлығы бірдей. Десек те тайпейлік Ян Юн Вэй, бельгиялық Джорре Верстраетен, испандық Франциско Гарригос, жапон Наохиса Такато, украиндық Артем Лесюк, грузиялық Лухуми Чхвиамини және Елдос Сметовтың мықтылығын айта кеткен жөн.

– Бір қуанарлығы, әлем біріншілігінде өл намысын қорғайтын Сыр балуандарының көбеюі болса көрек.

– Иә, менен бөлек 81 келіде Абылайхан Жұбаназар мен 100 келіде Нұрлыхан Шархан бақ сынаиды. Екеуі де соңғы жарыстарда жақсы өнер көрсетіп жүр.

Абылайхан тамыз айында Моңғолиядағы гранд-сламда үздік бекіткен көріңсе, Нұрлыхан Азия біріншілігінде үздік үштікке енді. Құрамада қызылордалықтардың көбеюінен бекер емес.

– Ташкент татаминде биік тұғырдан көрінуіңіз тілекшіміз. – Рақмет!

«ҚАЙСАРДЫҢ» ҚАРЫМЫ



Футболдан ел біріншілігінің 21-турында «Қайсар» алматылық «Қайрат жастармен» шеберлік байқасты. Премьер-лига жолдамасына талас жүргізіп келе жатқан Сыр өңірінің командасы бұл турда қателік жібермеді.

Бас төреші Асхат Абданбаевтың нұсқауынан кейін «Қайсар» шабуылға ден қойды. Алғашқы шабуылдан-ақ алаң иелері алға шықты. Шабуылшы Мамаду Диалло қапнашы Анарбековтен айласын асырды. Мамадудың голынан кейін ойынның алғашқы жартысында есеп өзгермеді.

Кездесудің екінші бөлігінде Кирилл Сидоренконың жойқын соққысы қапнашының жібек торынан табылып, есеп еселенді. Қонақтар кездесудің соңғы сәтінде есеп айырмасын қысқартуға мүмкіндік алды. Қорытынды есеп 2-1.

БОКСШЫЛАР БАБЫН БАЙҚАТТЫ



Польшаның Люблин қаласындағы МО-SIR Hall спорт кешенінде өткен кәсіпқой бокс кешінде үш бірдей отандасымыз, ADAL Promotions компаниясының билғары қолғап шеберлері – Бекзат Нұрдулетов, Мейірім Нұрсұлтанов пен Бекман Соилыбаев өнер көрсетіп, қазақстандық жанкүйерлердің жарқын жеңісімен қуантты.

Польшадағы бокс кешінде бірінші болып шаршы алаңға жартылай ауыр салмақтағы Бекзат Нұрдулетов шықты. Ол бұл жолы да грузиялық Яго Кизириядан (6-8, 4 KO) ұпай саны бойынша басым түсті. 8 раундқа жоспарланған жекпе-жекте Бекзат айқын басымдыққа ие болып, төрешілердің бірауыз шешімімен жеңіске жетті – 79-73, 80-72, 80-72.

Ал жартылай жеңіл салмақтағы Бекман Соилыбаев (14-1, 5 KO) Оңтүстік Африка Республикасының өкілі Сифосетху Маулмен (16-4-1, 7 KO) WBA Inter-Continental белбеуі үшін жддырықтасып, қарсыласын жетінші раундта сұлатып салды. Бекманның жойқын соққысын өткізіп алған Сифосетху біраз уақыт есін жия алмай, жекпе-жеткі жалғастырудан бас тартты.

Қазақстандық боксшылардан соңғы болып шыққан Мейірім Нұрсұлтанов аргентиналық Марсело Фабиано Касереспен (18-4, 13 KO) жддырықтасты. 10 раундтың қорытындысы бойынша Мейірім ұпай санымен жеңіске жетті.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Жастарды ұлттық спортқа тарту мақсатында Сырдария аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен Сәкен Сейфуллин ауылында 14-29 жас аралығындағы жас шабандоздар арасында «Көкпар» сайысы өтті.

Тартысты өткен додада Асқар Томағанбетов, Қалжан ахун, Айдарлы, Теренбек кенті, Шаған, Нави Ілиясов, Аманкелді, Шіркейлі және жергілікті Сәкен Сейфуллин ауылдарынан 100-ге тарта жас шабандоз қатысты.

Көкпар бәсекеінде Нави Ілиясов пен Шаған ауылдық округінің жас шабандоздары белсенділік танытып, ең көп салымды болды. Ұлттық спортқа «Нұрасылы» шаруа қожалығы, «Сейфуллин Жұр» ЖШС, «Жандос» ШҚ, «Абай Тоқтаров» ЖК демеушілік танытып, спортшыларға қаржылай сыйақы табыстады.



Астанада шахматтан әлемдік Гран-при жарысының бірінші кезеңі аяқталды. Екі аптаға жалғасқан байрақты бәсекеде ФИДЕ (Халықаралық шахмат федерациясы) тұы астында өнер көрсеткен ресейлік Екатерина Лагно үздік шықты.

Әлемдік рейтингте 2563 ұпаймен төртінші орында тұрған Лагно осы жеңісінің арқасында 15 000 еуро мен 160 рейтингтік ұпайға ие болды.

Астанадағы Women Grand Prix-2022 деп аталатын әйелдер арасындағы аса ірі халықаралық турнирде әлемнің ең таңдаулы деген 12 ойыншысы бақ сынады. Сондай-ақ бұл жарыста Қазақстан құрамасы сапында былтырғы жылдам шахматтан (блиц) әлем чемпионатының жеңімпазы Бибисара Асаубаева мен талай бәсекеде топ жарған халықаралық дәрежедегі гроссмейстер Жансая Әбдімәлік өнер көрсетті.

11 кезеге жалғасқан Women Grand Prix-2022 жарысының бірінші кезеңінде бірде-бір ойында жеңілмей, сегіз ұпай олжалаған Екатерина Лагно бас жүлдені олжалады. Соңғы турда ол 38 жастағы отандасы Александра Костенюкпен

кездесіп, қара фигурамен ойында да тең нәтижеге қол



ШАХМАТ: ГРАН-ПРИ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

жеткізді. Жұлделі екінші орынды әлемдік рейтингте екінші орында тұрған тағы бір ресейлік Александра Горячкина жеңіп алды. 11-турда ол үндістандық Рамешбабу Вайшаллимен ұпай бөлісті. Еншісінде – 7,5 ұпай. Ал үздік үштікті жарыстың алтыншы кезеңінде дейін көш бастап келген қытайлық Чжу Цзинер (6,5 ұпай) түйіндеді.

Өкінішке қарай, қазақстандық шахматшылар жеңіс тұғырынан көріне алмады. Жеті турда тең ойнап, соңғы екі матчта ғана жеңіске жеткен Жансая Әбдімәлік 5,5 ұпаймен бесінші орына

Осылайша, жарыс жеңімпазы атанған Лагно 15 000 еуро қаржылай сыйақы мен 160 рейтингтік ұпайға ие болса, күміс жүлдегер Александра Горячкина 12 000 еуро және 130 ұпайды қанжығасына байлады. Үшінші орындағы Чжу Цзинер 10 000 еуро мен 110 рейтингтік ұпайға ие болды.

Сондай-ақ әйелдер арасындағы алғашқы Гран-при кезеңінде жүлдеге иіге алмаған ойлылар ойынның өкілдері де қаржылай сыйақы мен рейтингтік ұпайдан құралақан қалған жоқ. Мәселен, төртінші орындағы Александра Костенюкке 8 000 еуро мен 90 ұпай берілсе, бесінші сатыға жайғасқан Жансая Әбдімәлік 6 750 еуро және 80 ұпайды қоржынына салды. Кейінгі орындарға жайғасқан Тянь Чжунъи (5 750 еуро, 70 ұпай), Рамешбабу Вайшалли (5 000 еуро, 60 ұпай), Динара Вагнер (4 500 еуро, 50 ұпай), Алина Кашлинская (4 000 еуро, 40 ұпай) мен Элизабет Петц (3 500 еуро, 30 ұпай), Бибисара Асаубаева (3 000 еуро, 20 ұпай) және Полина Шувалованың да (2 500 еуро, 10 ұпай) Астанадан қоржыны бос қайтқан жоқ.

ойнап, біреуінде қарсыласынан басым түскен Бибисара Асаубаева 4,5 ұпаймен 11-орыннан көрінді. Айта кетейік, жарыстың бірінші турында-ақ екі отандасымыз бір-бірімен кездесті. Қазақстанның қос мықтысы арасында өткен ойын тең есеппен аяқталды.

табан тіресе, жеті рет тең



«Қазақтың қаны бір, жаны бір жол басшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алғы алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдікі». Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың бұл сөзі бүгінгі қоғамда да өзгерген емес. Мұғалім – қашанда мектептің жүрегі, қоғамның қозғаушы күші. Қандай құрметке де лайық ұстаздардың кәсіби мерекесі қарсаңында №264 мектепте өңбек етіп жүрген білікті мұғалім Мөлдір Әбдіқаппарқызымен тілдестік.

Мөлдір ӘБИТАЕВА, №264 мектептің мұғалімі:

«**ҰСТАЗ БОЛМЫСЫМЕН ҮЛГІ**»

– Ең алдымен өңімімізді осы салаға келген сәтіңізден бастасақ... Шәкірт тәрбиелеу, ұстаз болу сізге қандай жауапкершілік жүктетеді?

– Алғашында ұстаз болу менің арманым емес еді. Бірақ өкпенің «менің қызым ұстаз болады» деген сөзі осы салаға бастап келді. Дегенмен осы таңдауыма еш өкінен емеспін. Қиындығы мен қуанышы қатар жүрсе де, білім беру арқылы әрбір күннің сауапқа толы болатыны есіме түскенде әкеме ерекше алғыс айтамын.

Мектеп қабырғасындағы ұстаздық қадамым 2006 жылы №101 мектеп-лицейінде басталды. Бастапқыда үлкен жауапкершілікті артқан соң, ішкі қорықшылымың болғаны рас. Алайда мамандығымға деген қызығушылығымды арттырып, көмек беріп, шәкірт тәрбиелеуге үйрететін ұлағатты ұстаздар көп болды. Сол кісілермен тәжірибе алмаса отырып, оқушыға жан-жақты білім беруді меңгердім.

Алғаш рет шәкірттерімің алдына барған кезде ұстаз болу өмірімдегі ең бақытты әрі маңызды сәт екенін ұқтым. Әр күн сайын қайталанатын сабақ барысы үлкен дайындық, ізденісті, жан-жақтылықты қажет етеді. Ұстаз шәкіртке бар болмысымен үлгі, сондықтан өзіңді ұстау мәдениеті маңызды саналады. «Ұстаға қарап шәкірт өседі» дегендей, әрбір шәкірттің бойындағы қыр-сырын ашуға, сенімдерін ақтауға талпынып келемін. 2010-2011 оқу жылдары алғашқы шәкірттерім түлек атанды. Бүгінде білім берген оқушыларым әр түрлі сала бойынша маман иесі болып қызмет етеді. Олардың ел дамуына үлес қосып, жақсы маман иесі болғанына қуанамын.

– **Ұяқты өткен сайын сала мамандарына жүктелетін талап та жоғарылап келеді. Жаңа заманға сай ұстаз қандай қабілеттерге ие болу керек деп ойлайсыз?**

– Мұғалім заман ағымына ілесіп отыру керек, өйткені адам үнемі ізденіс үстінде жүрмесе миың жұмыс істемей бәсеңдейді. Бұл – ғылымда дәлелденген қанша. Жан-жақтылыққа, үйренуге, ізденуге, оқуға қазір талпынбасақ болашақ ұрпағымыздың дамуына кедергі келетіні анық. Өйткені заман ағымына қарай білімді жаңартып, ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде қолдана білу керек. Сондықтан мұғалімнің кәсіби маман болғаны дұрыс.

«Ұстаздық ету – өзгенің бақытын аялау,

өз уақытыңды аялау» деген сөз бекер айтылмаған. Білімнен қоса тәрбиені қатар алып жүру де – уақыт талабы. Бұл бағытта оқушылармен үнемі тәрбиелік іс-шаралар, сайыстар, кездесулер, саяхаттар ұйымдастырып отырамын. Игі істер мен жақсылықтарды құлақпен есту балалардың қызығушылығын оята қоймайды, тек айтылған дүниелерді қолмен ұстап, көзбен көрсе ғана белсенділіктері артады. Сонымен қоса атқарған жұмыстарымыз оқушылардың жан-жақтылығына, қоғамда өзін ұстай білуіне, сөйлеуіне септігі тиеді деген сенімдемін. Шынында жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ.

– **Кай саланы алып қарасақ та, қиындығы қатар жүретіні рас. Білім саласында сізді қандай мәселе алаңдатады?**

– Өрине, қай саланы аспақ та, қиындықсыз болмайды. Егер адам өз жұмысын шынайы, бар ынтасымен сүйіп істесе алынбайтын қамал жоқ. Әрбір жұмысымызды разылықпен бастасақ, бәрекелі болатыны анық.

Білім саласында көптеген алаңдататын мәселелер бар. Соның бірі – оқулықтағы күрделенген тапсырмалар. Келешекте оқушылардың деңгейіне қарай тапсырмалар берілсе және көлемі біршама азайтылса деген ұсынысым бар.

– **Ұстаздың мерейлі сәті оқушылардың жетістігінен де байқалып жатады. Осы орайда талапты та талантты шәкірттеріңз жайлы айтып берсеңіз...**

– Білім жүйесінің жаны да, жүрегі де – ұстаз. Ал ұстаздың мерейін көтеріп, өңбегін ақтайтын шәкірті. Білім алу барысында ата-ана, ұстаз, білім алушы болып үштіккі берік ұстансақ, әрбір шәкіртіміздің жетістікке жетеріне сенемін. Олардың әрбірінің бойында талап та, талант та болады. Осы кезге дейін мектепті «Алтын Белгімен» бітірген шәкірттеріміз «Білім-инновация лицейінде», НЗМ мектептерінде оқуын жалғастырып жүрген оқушыларымыз мақтана аламын. Қазіргі таңда мектеп бітіруші түлектерімен үлкен үміт күтудемін. Сонымен қоса облыстық, қалалық, мектепшілік жарыстарда жүгделі орындармен марапатталған оқушыларымыз да жеткілікті.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

«Эбру» – ежелгі түріктерден бастау алған сурет өнері. Бүгінде ол бейнелеу өнеріндегі жаңа технология ретінде қолданыста. Әлеуметтік желіні парақтай келе бұл тәсілдің кең таралғанына көз жеткіздік. Шығармашылықты дамытуы көздейтін ерекше дүниенің бүккен сыры көп.

Мамандармен тілдескенімізде соңғы уақытта «Эбру» өнеріне қызығушылық танытушылар саны артқанын алға тартты. Әсіресе балалар арасында. Бұл су бетіне түсірілуімен ерекшеленетін технологияның адамның жан дүниесіне үніліп, ішкі әлеміндегі жай-күйін жеткізуге ықпал ететіндігімен байланысты.

– Алғашында «Су бетіне сурет салу мүмкін бе?» деген сауал қойып, күмәнданатындар табылатын.

«Эбру» сонысымен де ерекше шығар. Әрі түріктер ойлап тапқан арт терапияның бұл түрі қауіпсіз саналады. Қолына қылқалам ұстаған кез келген адам қиялаға ерік беріп, төл



«**СУ БЕТІНДЕГІ СҰЛУЛЫҚ**»



туындысын жасап шығады. Сонымен қатар жеке шығармашылықты дамыту үшін де су арқылы қағаз бетіне түскен суреттің орны зор.

«Эбру» жаңа дүниелер ойлап табуға да септігін тигізеді. Дүние жүзінде аталған өнерді «Биші боюлар», «Бұлт пен жел», «Толқын терізі қағаз» деп атайды. Бірақ бұл әдіс түрі ерекше даярлықты, шыдамдылықты талап ететінін ескеру қажет. Біз инстаграм желісінде бұл әдісті танымып еттік. Балабақшаларда жиі қолданылады. Қосымша үйірмелерде де. Негізінен балаларды 4-5 жасстан бастап ікемдеген дұрыс. Әрі қарай олар тәсілді, таңдай қақтырар дүниелер жасап шығады, – дейді желі қолданушысы Мөлдір Нұрлыбай.

Мөлдір «Эбру» технологиясының қыр-сырымен де бөлісті. Ерекше өнер түрі арнайы су, бояу, қылқалам мен шило секілді құралдарды қажет етеді екен. Түсінікті болу үшін тарақты айтамыз. Алғашында сіз ыдысқа ArtDeco суын құйып, шило арқылы бояулармен фон шығарасыз. Содан кейін тамшы арқылы қиялаға ерік беріп, әртүрлі оюларды өрнектейсіз. Бұл жерде жоғарыда айтып өткен майлы су екі түсті араластырмай, ғажайып құбылыс шығаруға ықпал етеді. Оны қағаз бетіне, маталарға түсіруге де мүмкіндік бар. Қағазды су бетінде бар болғаны 5-10 секунд ғана ұстап, суретті көшірген соң, оны бір қалыпты температурада келтіресіз. Соңында қиялыңыздағы таңғажайып бейнелер көпті сүйсініп аласыз. Ең қызығы, суреттің екінші нұсқасын, не көшірмесін жасау тіпті мүмкін емес. Себебі суға шашылған бояу әр кезде әртүрлі өрнек құрайды және ешқашан бір-бірін қайталамайды.

M.СНАДИН



Тоқты

Апта біршама қызықты идеяға толы. Оны тезірек жүзеге асыруға тырысыңыз. Үлкен нәтижеге көл жеткізу үшін көп өңбектену қажет. Ал бұл апта іскерлік байланысты нығайтуға қолайлы.

Торпақ

Сізді жұмыс барысында сәтті кездесу күтіп тұр. Осы уақытқа дейін көп күш жұмсаған істі де абыроймен аяқтайсыз. Бастысы өзіңізге және болашаққа деген сенімді жоғалтпаңыз. Апта бойы көңіл-күйіңіз көтеріңкі жүреді.

Егіз

Күтпеген қиындықты тез әрі оңай шешесіз. Ұнжыраңыз түспесін. Бастысы өзіңіз дұрыс деп тапқан жолдан айнымаңыз. Көптеген адамға жақсы әсер қалдырып, олардың өміріне өзгеріс әкелуіңіз бек мүмкін.

Шаян

Әр күні сізді ерекше қуантады. Жақындарыңыз тарапынан жақсы жаңалық естіп, үнемі көтеріңкі көңіл-күймен жүресіз. Сондай-ақ достарыңызбен тату қарым-қатынас орнатуға сәтті апта болмақ. Қаржы мәселесі де тез арада шешімін табады.

Арыстан

Бұл аптада шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарыңызға қатысты өзгеріс енгізсеңіз, қолға алған жаңа жобаның нәтижелі болмақ. Бастысы ұсақ-түйекке көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.

Бикеш

Күтпеген кездесулер орын алып, іскерлік қарым-қатынастағы шаруа оңайланбақ. Сол үшін басыңыздан өткен жағдайды дұрыс бағамдаңыз. Аптаның жарқын тұстарын қызықты өткізу өз қолыңызда.

Таразы

Аптада көптең арман-тілегіңіз орындалады. Өзіңізді бақытты сезініп жүресіз. Бұрын қолға алуға қайымықан істерді қайта жандандыруыңыз мүмкін. Әрі жаңадан кәсіп бастап, көпке қуаныш сыйлауға сізге орайлы мүмкіндік туып тұр.

Сарышаян

Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт туып тұр. Өте маңызды істе жолыңыз болады. Ол үшін уайымға берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі. Бастысы шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.

Мерген

Апта жаңа таныстық үшін өте қолайлы. Жаныңызға жақын жанмен алдағы күндерге жоспар құрасыз. Осы тұста кездеріңіз жетуге жәрдемдесетін адамдар пайда болады. Бастысы отбасыңызға көңіл бөлуді ұмытпаңыз.

Тауешкі


Ұсақ-түйекке бола жүйкеліңізді жұқартпаңыз, қиындықтың барлығы аз уақыттың ішінде шешімін табады. Бұл аптада сәтті қадамдар жасалады. Таңғаларлық оқиға, күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін.

Сүкүйгеш

Жаңа аптада керемет мүмкіндік күтіп тұр. Жуық арада өзіңіз жоспарлаған саяхатқа жолға шығасыз. Сол үшін өз саланызда белсенділікті арттырған абзал. Аптаның екінші жартысында кейбір жандарға қатысты ойыңыз өзгереді.

Балық

Апта жағымды жаңалық пен қуанышты оқиғадан басталады. Уақытыңызды жандарға арнау үшін жұмыс барысында қиын жауапкершілік артаудан аулақ болыңыз. Күнделікті жоспарды қадағалап, өткен күнді ой елегінен өткізу де артық етпейді.



Көзкеші редактор: M.КЕНЖЕГЕЛІПОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Серт менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 17242 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17242 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 7399
Тансырыс: 1667